

Банктік емес сектордың 2009 жылғы 1 қазандағы ағымдағы жағдайы

2009 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша республикамызда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар 17 ұйым, оның ішінде 7 ипотекалық ұйым тіркелді.

Банктік емес ұйымдар секторында 2009 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда қаржы нарығына қатысушылардың сапалық, сонымен қатар сандық өзгеруі болды, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Ұлттық әл-ауқат қоры қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және "Қазақстан инвестициялық қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы № 135-IV Заңының қабылдануына байланысты оның негізінде 2009 жылғы 21 ақпаннан бастап мына ұйымдардың лицензияларының қолданылуы тоқтатылды:

- «Оңалту қоры» АҚ;
- «Қаржы орталығы» АҚ;
- «Достық Энерго» АҚ;
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ;
- «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ;
- «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ;
- «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақша төлемі мен аударымы, қаржы ұйымдарының бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі, банк қызметі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 11 шілдедегі № 185-IV Заңымен 2009 жылғы 29 тамыздан бастап мына ұйымдардың лицензияларының қолданылуы тоқтатылды:

- «Ұлттық процессинг орталығы» АҚ;
- «I есеп айырысу-касса орталығы» ЖШС;
- «PayLink» ЖШС;
- «Транзакциялар Біріккен Жүйесі» ЖШС.

Сонымен қатар, мына банктік емес ұйымдардың лицензияларының қолданылуы тоқтатылды:

- «ҚҰРЫЛЫС ИПОТЕКА» ипотекалық ұйымы» АҚ, 2009 жылғы 29 қаңтардағы №19;
- «Тимей» ФПК, 2009 жылғы 07 сәуірдегі №111;
- «Алматы Финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ, 2009 жылғы 29 сәуірдегі №128;
- «Бірінші Ипотекалық Компания» ипотекалық ұйымы» АҚ, 2009 жылғы 21 шілдедегі №161;
- «ДАМУ» ипотекалық ұйымы» АҚ, 2009 жылғы 17 тамыздағы №257.
- «Астана-Финанс» АҚ, 2009 жылғы 08 қыркүйектегі №270.

№	Ұйымдардың атауы	01.01	01.10
1	Ипотекалық ұйымдар	12	7
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	22	10
		4	3
	Жиынтығы	34	17

Ипотекалық ұйымдар


Ипотекалық ұйымдардың қаржылық көрсеткіштері бойынша төмендеуі 5 ипотекалық ұйымның банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға берілген лицензияларының қолданылуы тоқтатылғанына байланысты болды.

Активтер. 2009 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 86 123,1 млн. теңгені құрап, ағымдағы жылдың басынан бастап 59,9%-ға (128 454,7 млн. теңгеге) төмендеді.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар 87,6%-ды (75 429,6 млн. теңгені) құрап отыр, ал басқа банктерде орналастырылған салымдарға 1,3% (1 119,6 млн. теңге), бағалы қағаздар үлесіне – 2,2% (1 943,4 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 1,7% (1 464,8 млн. теңге) келіп отыр.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01		01.10		Өсім, %-бен
	млн.теңге	жиынтығында %-бен	млн.теңге	жиынтығында %-бен	
Қолма-қол ақша	1 736,0	0,8	779,9	0,9	-55,1
Корреспонденттік шоттар	8 788,1	4,1	1 464,8	1,7	-83,3
Бағалы қағаздар	12 502,2	5,8	1 943,4	2,2	-84,5
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	7 822,0	3,7	1 119,6	1,3	-85,7
«Кері РЕПО» операциясы	4 688,0	2,2	0	-	-100
Клиенттерге берілген заемдар	165 696,8	77,2	75 429,6	87,6	-54,5
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	4 119,9	1,9	911,1	1,1	-77,9
Клиенттерге ұсынған заемдар және қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-4 679,0	-2,2	-12 829,0	-14,9	2,7 есе
Басқа активтер	13 903,8	6,5	17 303,7	20,1	24,5
Барлығы активтер	214 577,8	100	86 123,1	100	-59,9

01.01 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)



01.10 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)




Кредиттік портфель. Ағымдағы жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 5 ипотекалық ұйымның лицензияларының қолданылуы тоқтатылғанына байланысты ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі ағымдағы жылдың басынан бастап 55,7%-ға (94 955,2 млн. теңгеге) азайып, 75 429,6 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелі құрылымының сапасын талдайтын болсақ, стандартты кредиттердің үлесі азайғаны байқалады. Мәселен, ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 86,7%, ал 2009 жылғы 1 қазанда 66,4% болды. Күмәнді кредиттердің үлесі 12,5%-дан 19,5%-ға дейін көбейді. Үмітсіз кредиттердің үлесі 2009 жылғы 1 қазанда 14,1%-ды құрайтынын атап айтқан жөн. Үмітсіз заемдардың сомасы абсолюттік мәнінде ағымдағы жылдың басынан бастап 9 191,8 млн. теңгеге көбейді.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01		01.10	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығы % -бен	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығы % -бен
Несие портфелі барлығы	170 384,8	100	75 429,6	100
Стандартты	147 759,7	86,7	50 064,9	66,4
Күмәнді	21 200,6	12,5	14 748,4	19,5
<i>1-санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	9 452,2	5,6	7 069,4	9,4
<i>2-санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	5 399,4	3,2	3 649,4	4,8
<i>3-санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	416,1	0,2	502,1	0,7
<i>4-санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	3 230,9	1,9	1 479,4	1,9
<i>5-санатты күмәнді</i>	2 702,0	1,6	2 048,1	2,7
Үмітсіз	1 424,5	0,8	10 616,3	14,1

**Ипотекалық ұйымдардың несие портфелінің өзгеру динамикасы,
млрд. теңгемен**




Ағымдағы жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі 2 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 97,1%-ды құрады. Олардың ішінде: «БТА Ипотека» АҚ - 74%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 23,1%.


Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2009 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 94 645,2 млн. теңгеге немесе 58,3%-ға азайып, 2009 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 67 732,2 млн.теңгені құрады. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа басқа банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар (42%-ға) және шығарылған бағалы қағаздар (41,4%-ға) басым болды.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01		01.10		Өсім %-бен
	млн. теңге	жиынтығы %-бен	млн. теңге	жиынтығы %-бен	
Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар	52 688,1	32,4	28 445,7	42,0	-46,0
Бағалы қағаздарман «РЕПО» операциялары	0	-	0	-	-
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	80 943,0	49,9	28 034,2	41,4	-65,4
Басқа кредиторлар	1 342,2	0,8	10 270,0	15,2	7,7 есе
Басқа міндеттемелер	27 404,1	16,9	982,3	1,4	-96,4
Міндеттемелердің барлығы	162 377,4	100	67 732,2	100	-58,3

01.01 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



01.10 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



Кірістілік. Есепті күнге ипотекалық ұйымдар 5 441,3 млн. теңге мөлшерінде шығын шығарды. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 23 519,4 млн. теңге (2008 жылғы 1 қазанда – 26 633,5 млн. теңге) болды, шығыстардың жиынтық мөлшері – 28 960,7 млн. теңге (2008 жылғы 1 қазанда – 25 847 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен	01.10.2008	01.10.2009	Өсімі %-бен Прирост, в %
Сыйақы алумен байланысты кірістер	18 272,4	8 814,5	-51,8
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	12 507,7	5 229,9	-58,2
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	8 361,1	14 704,9	1,8 есе
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	13 339,3	23 730,8	1,8 есе

Пайыздық кірістер құрылымында қайта бағалаудан түскен кірісті алуға байланысты кірістер (35,9% немесе 8 433,2 млн. теңге) біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында қамтамасыз етуге қаржыны бөлу (59,9% немесе 17 356,6 млн. теңге) ең көп орын алады.



Ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капиталы 2009 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 18 390,9 млн. теңге болды, бұл ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы көрсеткіштерден 64,8%-ға (33 809,6 млн. теңгеге) аз, бұл жайт 5 ипотекалық ұйымның лицензияларының қолданылуы тоқтатылғанына байланысты болды.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі	01.01	01.10
Төленген жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млн. теңгемен	43 903,4	20 021,7
Есептелген меншікті капитал, млн. теңгемен	47 626,3	14 205,8
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті (k1 \geq 0,06)	-	0,211
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті (k1-2 \geq 0,06)	-	0,214
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті (k1-3 \geq 0,12)	-	0,160

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың барлық қаржылық көрсеткіштерінің төмендеуі 7 ұйым бойынша лицензияларының қолданылуы тоқтатылғанына байланысты болды.

Активтер. 2009 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық активтері ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы деректермен салыстырғанда 91,6%-ға төмендеді және 417 633,6 млн. теңгені құрады.

Ұйымдар активтерінің құрылымындағы маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар 39,4%-ды (164 646,8 млн. теңгені) құрап отыр, дебиторлық берешек – 16,1% (67 254,9 млн. теңге), ақша қаражаты мен ақша қаражаты баламаларының үлесіне – 6,7% (27 868,8 млн. теңге) келіп отыр.

Жиынтық активтердің құрылымы, млн. теңгемен	01.01	жиынтығы %-бен	01.10	жиынтығы %-бен	Өсім %-бен
Активтер, оның ішінде	4 956 627,6	100	417 633,6	100	-91,6
Ақша қаражаты мен ақша қаражаты баламалары	180 550,6	3,6	27 868,8	6,7	-84,6
Орналастырылған салымдар	991 761,7	20,0	9 251,7	2,2	-99,1
Бағалы қағаздар	26 324,2	0,5	12 168,6	2,9	-53,8
Берілген займдар	373 487,2	7,5	164 646,8	39,4	-55,9
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар және реттелген борыш	3 130 322,1	63,2	13 149,7	3,2	-99,6
Дебиторлық берешек	83 242,0	1,7	67 254,9	16,1	-19,2
Өзге активтер	170 939,8	3,5	123 293,1	29,5	-27,9

Міндеттемелер. Ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері есепті күнге 61,4%-ға азайып, 270 362 млн.теңгені құрады. Ұйымдардың міндеттемелері құрылымындағы ең көп үлесті алынған заемдар – 75,4% (203 831,7 млн. теңге) алады.

Жиынтық міндеттемелердің құрылымы, млн. теңгемен	01.01	жиынтығы %-бен	01.10	жиынтығы %-бен	Өсім %-бен
Міндеттемелер, оның ішінде	700 176,5	100	270 362,0	100	-61,4
Тартылған салымдар	7 026,6	1,0	9 160,2	3,4	30,4
Алынған займдар	581 653,2	83,1	203 831,7	75,4	-65,0
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	20 800,4	3,0	20 767,0	7,7	-0,2
Кредиторлық берешек	31 117,4	4,4	11 729,5	4,3	-62,3
Өзге міндеттемелер	59 578,9	8,5	24 873,6	9,2	-58,3

Кредиттік портфель. 2009 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жиынтық несие портфелінің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі – 85,3%, күмәнді кредиттердің үлесі – 9,1% және үмітсіз кредиттердің үлесі – 5,6% болса, 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі – 94%, күмәнді кредиттердің үлесі – 5,2%, үмітсіз кредиттердің үлесі – 0,8%.

Капитал. 2009 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар капиталының жиынтық көлемі ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша деректермен салыстырғанда 4 109 179,4 млн. теңгеге (96,5%) азайып, 147 271,7 млн. теңге болды.

(млн. теңге)

	01.01	жиынтығы %-бен	01.10	жиынтығы %-бен	Өсім %-бен
Капитал	4 256 451,1	-	147 271,7	-	-96,5
Жарғылық капитал	3 829 174,6	90,0	139 168,5	94,5	-96,4
Бөлінбеген таза кіріс (орны толтырылмаған шығын)	421 509,1	9,9	6 749,0	4,6	-98,4